Әділет

# Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 10 және 101-кестелеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 19 тамыздағы № 72 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына және 112-бабының 4 және 6-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 9 шешімімен бекітілген Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 10 және $10^1$-кестелеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия*
*Алқасы Төрағасының*
*міндетін уақытша атқарушы* — *Б. Сұлтанов*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 19 тамыздағы
№ 72 шешіміне
ҚОСЫМША

## Экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясының және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясының, экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясын түзетудің және экспресс-жүктерге арналған кедендік жолаушылар декларациясын түзетудің құрылымы мен форматының 10 және $10^1$-кестелеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 10-кестеде 14.3.6.13.4 және 14.3.6.13.5 позициялар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| *.13.4. Құжаттың нөмірі (csdo:DocId) | "Алдыңғы құжат" бағ. | "Алдыңғы құжат" бағ. | О | 1 | | егер " Экспресс-жүктерге арналған кедендік декларацияның тіркеу нөмірі" (cacdo: ExpressCargoDeclarationIdDetails)" деректемесі толтырылмаса және экспресс-жүктерге арналған тауарлар декларациясы берілгенге дейін тауарлар уақытша сақтауға орналастырылса, онда " Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылуы тиіс |
| *.13.5. Құжаттың нөмірі | "Алдыңғы құжат" бағ. | "Алдыңғы құжат" бағ. | О | 1 | | егер " Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылса, онда " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылуы тиіс, әйтпесе " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (csdo: DocCreationDate) | | | | | | толтырылмауы тиіс |
| | | | | 1 | | егер "Құжаттың нөмірі (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылса, онда деректеменің мәні мына шаблонға сәйкес келуі тиіс: YYYY-MM-DD |

".

2. 10[1]-кестеде 14.3.6.13.4 және 14.3.6.13.5 позициялары мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***.13.4. Құжатың нөмірі (csdo:DocId)** | **"Алдыңғы құжат" бағ.** | **"Алдыңғы құжат" бағ.** | **О** | **1** | | **егер экспресс-жүктерге арналған декларация берілгенге дейін тауарлар уақытша сақтауға орналастырылса, онда "Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылуы тиіс** |
| | | | | 2 | AM, KG, KZ, RU | егер "Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылса, онда "Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | толтырылуы тиіс, әйтпесе " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылмауы тиіс |
| *.13.5. Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate) | "Алдыңғы құжат" бағ. | "Алдыңғы құжат" бағ. | О | 2 | BY | егер " Құжаттың нөмірі (csdo: DocId)" деректемесі толтырылса, онда " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесінің мәні тауарларды уақытша сақтауға орналастыру күнін қамтуы тиіс, әйтпесе " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылмауы тиіс |
| | | | | 1 | | егер " Құжаттың күні (csdo: DocCreationDate)" деректемесі толтырылса, онда деректеменің мәні мына шаблонға сәйкес келуі тиіс: YYYY-MM-DD |

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК